

«Денсаулық» білім беру саласы жұмысының жүргізілу жағдайын бақылаудың

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау нысаны: Ересек топ

Бақылау уақыты: 2021 жыл қарашаның 2 аптасы аралығы.

Мақсаты: ересек топта денсаулық білім беру саласы жұмысының жүргізілу деңгейін анықтау бойынша баланың денсаулығын сақтау мен нығайту, денешынықтыруға қызығушылығын арттыру, денсаулық сақтау технологиясының пайдаланылуы, қозғалыс біліктері мен дағдыларын қолданылуын қадағалау.

Тобы	Білім беру саласы	Мерзімі	Жауапты
	Денсаулық		
	Дене шынықтыру		
Ересек тобы	Жалпы дамыту жаттығулар орындады, яғни қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, түрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Оңға, солға иілу, еңкейю, шалқаю; қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Отырған және тізерлеп түрған күйде допты өз айналасында домалатуды біледі. Негізгі қимылдар яғни жүру, жүгіру, секіру, домалату, қағып алу, лақтыру, еңбектеу, өрмелөу, тепе-тендікті сақтау, сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруды біледі. Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дene жаттығуларын орындаі алады Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау, шаңғымен жүру, велосипед самокат тебу, спорттық ойын элементтерін қолдана алады.	Тұрақты	Дене шынықтыру нұсқаушысы
Кортынды	Дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады, қимылды ойындардың ережелерін орындаіды, түрлі тапсырмалар орындаап, бір-бірден сапта жүреді, екеуден, ушеуден қатарға қайта тұрады, спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игерген.		
Ұсыныс	Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру, денешынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығу орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.		

Таныстым:

Тәрбиешілер:

Әдіскер: Анарбаева Г 

«Әлеумет» білім беру саласы жұмысының жүргізілу жағдайын бақылаудың

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау нысаны: Ортаңғы топ

Бақылау уақыты: 2021 жыл қарашаның 2 аптасы аралығы.

Мақсаты: ортаңғы топта әлеумет білім беру саласы жұмысының жүргізілу деңгейі бойынша балаларда қоршаган ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым –қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негізддерінің қалыптасуын анықтау.

Тобы	Білім беру саласы	Мерзімі	Жауапты
	Әлеумет		
	Коршаган ортамен таныстыру		
Ортаңғы топ	Отбасылық суреттерді қарап және тбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атай алады. «Отбасы», «Үй», «Демалыста» және тағы басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ойнайды. Қоршан ортаны қабылдауды, кеңістікті бағдарлауды біледі. Заттар менолардың шамасын, түсін, пішінін ажыратады және атау құрастыру мен зерттеу дағдылары қалыптасқан. Қазақ және басқа халықтардың тұрмыс заттарымн таныс. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға үқыптылықпен қарай алады.	Тұрақты	Топ тәрбиешілері
Кортынды	Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімін атай алады, мазмұнды рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды, қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды,		
Ұсыныс	Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы үгымдарын көңейту.		

Таныстым:

Тәрбиешілер:

Әдіскер: Анарбаева Г

«Таным» білім беру саласы жұмысының жүргізілу жағдайын бақылаудың

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау нысаны: Кіші топ

Бақылау уақыты: 2021 жыл қарашаның 2 аптасы аралығы.

Мақсаты: Кіші топта таным білім беру саласы жұмысының жүргізілу деңгейі бойынша балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісінің кеңейтілуін анықтау.

Тобы	Білім беру саласы			Мерзімі	Жауапты		
	Таным						
	Сенсорика	Құрастыру	Жаратылыстану				
Кіші топ	<p>Көлем, пішіні, тусі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыра алады, түрлі көлемдегі геометриялық пішіндердің негізгі түсін, әртүрлі көлемнің ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді менгерген. Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйене отырып, тапсырмаларды орындаі алады.</p> <p>Қимылдардың, қолдың ұсақ моторикасының үйлесімділік дағдыларын игерген.</p>	<p>Әртүрлі түстегі құрылым материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерін құрастыра алады, әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылым материалдарын қолдана алады. Кеңістік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді тұзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру дағдылары қалыптасқан.</p>	<p>Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылай алады, қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдай алады.</p> <p>Жануарларға тән ерекшеліктерін, дене бөліктерін(танауы, құйрығы, аяқтары) ажырата алады. Қекеністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктері қалыптасқан.</p>	Тұрақты	Топ тәрбиешілері		
Кортынды	Түстердің атауларын дұрыс қолданады. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі қасиеттері бойынша топтастырады. Құрылым материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыра алады. Құрылым материалдарының қасиеттері туралы түсініктерді игерген. Құрылым материалдарын пішіні мен көлемі бойынша топтастыра алады. Қекеністер мен жемістердің						

	бірнеше тұрларін сыртқы түрі және дәмі бойынша атайды және ажыратады. Аулаға ұшып келген құстарды атайды және ажыратады. Табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.
Ұсыныс	Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Құрылыш үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрлысының жетіспейтін бөліктерін таба білу бөліктерін қалыптастыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Таныстым:

Тәрбиешілер:

Әдіскер:  Анарбаева Г

«Шығармашылық» білім беру саласы жұмысының жүргізілу жағдайын бақылаудың

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау нысаны: Ерте жас тобы

Бақылау уақыты: 2021 жыл қарашаның 2 аптасы аралығы.

Мақсаты: ерте жас тобында шығармашылық білім беру саласы жұмысының жүргізілуі деңгейі бойынша балалардың танымдық, шығармашылық, музикалық қабілеттерін анықтау.

Тобы	Білім беру саласы			Мерзімі	Жауапты		
	Шығармашылық						
	Сурет салу	Мүсіндеу	Музика				
Ерте жас тобы	Балалар төрт негізгі түстерді (қызыл, көк, жасыл, сары) қолданады, қағаз бетіне бейнелерді дұрыс орналастырады, фламастермен жұмыс жасау техникасын, бояу жағылған саусақпен және алақанмен қағазға сурет салуға икемді. Қағаз парағын ашық түсті дақтармен, жақпалармен ырғакты түрде толтыра алады.	Балалар ермексазды, сазбалашықты алақан арасына ала біледі, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруға, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге, қолданылған материалдарға үқыпты қарым-қатынас жасауға талпынды.	Би әуендерінің көңілді сипатын күрделі емес қимылдармен: аяқтан аяққа ауысу, өкшелерін соғу, қолдың буынын айналдыру, орнында айналуды біледі. Ересектердің орындаған әндерін тыңдайды және қайталайды. Ересектермен қосылып айтуды, әнді орындағанда интонациаларын қайталауды біледі.	Тұрақты	Топ тәрбиешілері Музика жетекшісі		
Көртынды	Қарандашпен, фломастермен сурет салуға ынта білдіреді, бояулардың ашық түсіне эмоционалды көңіл-күй танытады, қағаз бетіне алақанмен үқыпты баса біледі. Сазбалашықты алақан арасына домалата алады, жалпақ дөңгелек пішінді мүсіндейді. Музикамен жүре біледі, ересектердің орындаған әндерін тыңдайды. Ойын әрекеттерін музикалық сүйемелдеумен орындауды біледі.						
Ұсыныс	Бейнелеу өнері, сурет салу үшін қолданылатын, құралдар мен материалдар түсінік қалыптастыру. Сурет салуға						

балалардың қызығушылығын тәрбиелеу. Сазбалшықпен оның қасиеттерімен таныстыру. Балалардың ермексазды, сазбалшықтың кесектерін алақан арасына домалатуды, алақан арасында «шарлар» жасауды, жалпак, дөңгелек пішіндерді мұсіндей білуді жалғастыру. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тындауды, олардың көңіл-күйіне эмоционалды үн қатуды, оларды сәйкес қимылдармен алдымен ересектің көрсетуімен, кейіннен әннің сөзі бойынша орындауды үйрету.

Таныстым:

Тәрбиешілер:

Әдіскер: Анарбаева Г 